

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 302 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 мамырдағы N 430 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 302 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 14, 162-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесінде:

1-тармақтағы "Төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті төрағасының орынбасары" деген сөздер "Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы және оның орынбасарлары" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"төрағасының орынбасары," деген сөздерден кейін "департаменттердің," деген сөзбен толықтырылсын ;

2-тармақтағы "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" деген сөздердің алдынан»"Департаменттер," деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі